

СТОПРОЦЕНТНАЯ ПОДДЕРЖКА

26 апреля 2015 года 100 % студентов КазНУ отдали свои голоса за Лидера Нации Нурсултана Назарбаева. Результаты прошедших выборов явились ярким свидетельством высокого доверия молодежи к Президенту и всецелой поддержки его стратегического курса.



Студенты КазНУ с большим воодушевлением и праздничным настроением приняли участие в выборах Президента Республики Казахстан. С раннего утра молодые юноши и девушки шли на избирательные участки, чтобы сделать выбор будущего страны. Уже к 10 часам утра на избирательных участках КазГУграда была зарегистрирована 100%-ная явка. Таким образом студенческая молодежь университета продемонстрировала высокую степень электоральной активности и гражданской ответственности.

Первыми выбрать Главу государства прибыли самые активные студенты, среди которых были и те, кто голосовал впервые. «Я очень рада, что мне удалось проголосовать одной из первых в стенах своего университета. Мы как студенты ведущего вуза Казахстана должны проявлять активную гражданскую позицию, голос каждого из нас важен для будущего страны», — поделилась своим мнением студентка первого курса факультета филологии, литературоведения и мировых языков Динара Шамшиева.

Ректор университета Галым Мутанов отметил особую сплоченность и единство студентов в этот день. «Это говорит о возросшей политической активности нашей молодежи, ее приверженности и поддержке мудрой политики Главы государства, отвечающей интересам народа и страны», — подчеркнул руководитель вуза.


«Я отдал свой голос за Нурсултана Назарбаева, потому что это наш Лидер, под его руководством страна обрела независимость, с его именем мы связываем будущее сильного и процветающего Казахстана», — отметил магистрант Высшей школы экономики и бизнеса, председатель комитета молодежных организаций КазНУ Нурлан Абдыкадыров.

Уже на следующий день после выборов студенты университета вместе с молодежью южной столицы с ликованием праздновала победу Н. Назарбаева на городской площади перед Дворцом Республики.

Соб. корр.

Өнегелі өмір иесі

Ғылыми кітапханада филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Әмір Рақыш Сәтұлының 85 жасқа толу мерейтойына орай «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция болып өтті.



Жалғасы 4-бетте

АДАМ БАҚЫТТЫ БОЛУ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

24 сәуір күні Ғылыми кітапханада «Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында алғаш рет университеттің тілдік кафедралары арасында ұйымдастырылған жалтыуниверситеттік байқаудың қорытынды кеші өтті.

«Айналанды нұрландыр!» – ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан инновациялық-әлеуметтік жоба. Осы жобаны университет көлемінде насихаттауға бағытталған және 9-ақпан мен 18-сәуір аралығын қамтыған жалпыуниверситеттік байқауға қазақ тілі мен шет тілін оқытатын кафедралар, оның ішінде қазақ тіл білімі, жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдері, гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдері, шетел филологиясы және жалпы тіл білімі, орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті, дипломатиялық аударма, қытайтану, Таяу және Орта Шығыс кафедрасы, Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия, «Түркісой», тілдік және жалпы білім беру кафедралары қатысты.

Ағымдағы жылдың ақпан айында бастау алған тілдік кафедралар өткізген фестивальдің қорытынды кешінде іс-шараның нәтижесі көпшілік назарына үлкен көрме түрінде ұсынылды. Онда әр кафедраның өткізген іс-шараларының суреттері, студенттердің эсселері, фотоальбомдар мен түрлі қызықты материалдар қамтылды.

Жалғасы 3, 7-беттерде

БҮГІНГІ САНДА:

**ШҰҒЫЛА ШАШҚАН
ШЫҒЫС МҰРАЖАЙЫ**



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**ҚАЗАҚ ҚИЯЛНАМАСЫНЫҢ
ДӘЙЕКТЕУШІСІ**



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

“СЕРЕБРО” УМИДЫ



8-стр.



Әбдіқаһар СЕЙТЖАНОВ,
№259 сайлау учаскесінің комиссия төрағасы:

— Сайлау комиссиясы өз жұмысын таңғы 6-да бастаса, дауыс беру сағат 7.00-де басталып кетті. Учаскеде тіркелген студенттер саны – 1859, тұрғындар саны 973-ті құрады. Сайлаушылардың жалпы саны – 2832. Олардың бәрі сайлауға 100% қатысты және бір кісідей 100% Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты тандап, дауыс берді. Студент жастарымыздың және қалашық тұрғындарының азаматтық белсенділігі бәрімізді де қуантты. Себебі, барлық сайлаушылар сағат 10-ға дейін дауыс беріп біткен еді. Жастар Қазақстан болашағын Елбасымен байланыстыратындықтарын және Ұлт көшбасшысына деген зор сенімдерін осылай білдірді. Президенттік сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы жеңіске жетіп, көпшіліктің үміті ақталды.

Сәулегүл ЕРМҰХАМЕТОВА,
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті:

— Азаматтардың саясат пен мемлекеттік басқаруға ат салысуының ең көлемді әрі нақты нысаны сайлау екендігін ескерсек, биылғы Президент сайлауында ҚазҰУ студенттері белсенділік танытты. Сайлауға қатысу әркімнің ерік білдіру бостандығы екендігін терең түсінген жастардың дауыс берудің алғашқы сағаттарынан бастап сайлау учаскесіне ағылып келіп жатқанына куә болып, зор қуанышқа бөлендік.

Мен әдвайзерлері болып табылатын заң факультетінің 103-топ студенттері Президент сайлауына алғаш рет қатыса отырып, өздерінің таңдауын жасады. Өздерінің жарқын болашағы үшін қатысқандықтарын түсіне отырып, олар ертеңгі еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайы мен құқықтық мемлекет ретіндегі өмір сүруінің айнасына қарау мүмкіндігіне ие болды.

Сайлау құқығын жүзеге асырудың маңыздылығын сезінген студенттер белсенділік таныта отырып, сайлау кезінде көңілді, патриоттық сезімдерін жастық жалынмен ұштастырып, мемлекеттің болашағы өз қолдарында екендігін дәлелдей білді.



Жұлдыз ӘБІЛ,
журналистика факультетінің 3-курс студенті:

— 26 сәуір мен үшін ерекше күн болды. Өйткені, алғаш рет кезектен тыс Президент сайлауына қатысып, егемен еліміздің ертеңі үшін ерінбей еңбек ететін басшыны тандауға менің де қосар үлесім болғанына қуандым. Өзімнен үзетін жастар да бір кісідей ат салысып, Қазақстанның өркендеп өсуі жолында тағайындағандар патшаның тек игі істерді атқарып, еліміз бұдан да көркем, бұдан да асқақ боларына еш күмәнсіз, зор сеніммен өз таңдауларын жасады. Нәтижесінде еліміз деп еміреніп, өзіндегі барды өскелең ұрпаққа дарытуды ойлайтын ұлт жанашыры озық шықты. Жасампаз халқымыздың одан әрі өркендеуіне өзіндік үлес қосып, бақуатты еліміздің бірлігі мен тірлігін паш ететін әлемдік денгейдегі көшбасшы Нұр ағаға өз дауысымды бердім. Бұл — менің өз таңдауым.



ҚазҰУ студенттері сайлауда белсенділік танытып, өз дауыстарын түгелдей Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа берді

АДАМ БАҚЫТТЫ БОЛУ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

Қорытынды кешті бастаған «Рухтын мекені – адамның жүрегі. Жүрек жылуы, махаббат, ар-ұят, қайрат, мейірімділік, жақсылық, адамшылық осы жүректен туындайды. Күн адамның рухы болса, күн сәулесі – ақыл дейік. Рухани бай адам, ең алдымен, әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Осындай қасиеттері бар адамда адамшылық мол болады. Адамгершілік ұғымында да осы аталған қасиеттермен бірге аяушылық, сүйіспеншілік, жан аямай еңбек етушілік т.б. сапалар кездеседі» деген жүргізуші сөздері сезімнің нәзік иірімдерін тербеп, жүректерге жол тапты. Ал байқау нәтижесі бойынша үздік деп танылған номерлар кештің көркін қыздыра түсті. Сахнаға бірінші болып гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілі кафедрасының студенті Аяулым Шағатаева шығып, «Армансыз адам болмайды» әнін орындады. Жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдері кафедрасы білім беретін студенттер – Жәмила Әбішева, Фатима Мейрман, Фариза Аманкелді, Нұршат Қалдыбаевалар орыс, ағылшын, неміс тілдерінде ұлы Абай шығармаларынан үзінділер оқыды. Таяу және Орта Шығыс кафедрасының студенттері Думан Аманбаев, Дина Мансұр, Ақтоты Мұхамбетқалиева «Мейірімділік» әнін парсы тілінде нақышына келтіре орындаса, қытайтану кафедрасының студенттері «Үнемі отбасынның жағдайын біліп тұр» әнін қытай тілінде шыркады. Түріксай кафедрасының студенті Бекташ Серген «Ана мен бала» әнімен көпшіліктің көңілінен шықты.

Кеш барысында жүргізушілер «Айналамызды нұрландыру үшін жалпы қандай жаман қасиеттерден аулақ болуымыз керек? Бақуатты қоғамды құру үшін бүгінгі жастар не істей алады деп ойлайсыздар?» деген сұрақтар төңірегінде көрерменге ой тастап, пікір алмасты. «Бақыт» би ансамблінің биші қыздары мен «Мисс ҚазҰУ–2015» байқауының финалына өткен үміткерлер мың бұрала би билеп, кештің сәнін кіргізсе, Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының студенттері – Үрбибі Ешметова, Ажар Қалибек, Айдана Тұрар үнді тілінде «Жүрек жылуы» атты ән орындап, көрерменнің көңілін сергітті. Жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдері кафедрасының студенттері – Анель Қапарова мен Мирасбек Жұмалиев «Достық» әнін ағылшын тілінде орындады. Тілдік және жалпы білім беру кафедрасында оқитын шетелдік студенттер «Мы желаем счастье вам!» әнімен тамаша көңіл-күй сыйласа, қазақ тіл білімі кафедрасының студенті Акбота Садық «Жайна халқым» әнімен зал толы көрерменді рухтандырып жіберді.



Марапатқа ие болған кафедра меңгерушілері:

- 1. ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ** – жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Айжан Муллағалиева
- 2. I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Гүлмира Мадиева
- 3. I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Баян Жолдасбекова
- 4. II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Съезд Ақымбек
- 5. II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Ем Наталья
- 6. III ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – қытайтану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Нәбижан Мұқаметханұлы
- 7. III ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** – гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қарлығаш Айсұлтанова
- 8. АЛҒЫС ХАТ** – дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Ұлжан Мұсабекова
- 9. АЛҒЫС ХАТ** – Таяу және Орта Шығыс кафедрасының меңгерушісі Мухидин Салқынбаев
- 10. АЛҒЫС ХАТ** – «Түркісай» кафедрасының меңгерушісі Ораз Сапашев
- 11. АЛҒЫС ХАТ** – тілдік және жалпы білім беру кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., доцент Гүлнар Ихсанғалиева



Таяу және Орта Шығыс кафедрасының студенттері Насиба Қамардинова мен Ақтоты Мұхамбетқалиева «Айналанды нұрландыр!» иедясының авторы, университет ректоры Ғалым Мұтанұлы өлеңдерінің араб және парсы тіліндегі аудармасын оқып, өз өнерлерін ортаға салды.

Кеште ректор Ғ. Мұтанов жастарға арнап: «Әр адам қоршаған ортаға өз үлесін қосу керек. Біз қайда жүрсек те, айналамызға камқорлықпен қарауымыз керек. Біз бір-біріміздің бойымыздағы жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіре білуіміз керек», – деді. Ол өз сөзінде: «Әл-Фараби «Бақытқа жету» еңбегінде «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және «әр адамның оған толық құқығы бар» дейді. Біздің студенттер мен қызметкерлер үшін біз барлық мүмкіндіктерді жасаудамыз, соның бірі «Al-Farabi smart city» жобасы – Шығыс философы армандаған біздің альма-матер», – деген ойымен бөлісті. Студенттер де қоршаған ортада өзінді дұрыс ұстау және бойындағы қандай қасиеттермен мақтана алатындығы туралы айтып, өз пайымдауларын ортаға салды.

Кеш үлкендерге де, жастарға да жақсы әсер қалдырғаны сөзсіз. Соңында ректор байқау қорытындысы бойынша кафедра меңгерушілері мен үздік эссе авторларын марапаттады. Түркісай кафедрасының магистранттары Әсел Мұхаметжанова мен Бейбіт Жұмаділова «Бәріміз бірге!» әнін орындап, барша жанды жылы сезімге бөледі. Сөз соңында айтарымыз, әр адамның кеудесіне жарық нұры бар, тек соны одан әрі нұрландырып, оның барлық адамдарға таралуына мүмкіндік жасау қажет.

Шынар КАНАФЬЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Өнегелі өмір кесісі

Жиында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы: «Өмірі өнеге, еңбегі ғазиз, тағылымы мол Рақыш Әмірдің ұстаздық еңбегі ерен, көргені мен түйгені көп», – деп сөз бастады.

Қазақ тіл білімінің күрделі салаларының бірі – сөйлеу тілі синтаксисінің ерекшелігін зерттеген ол қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесіне өзіндік үлесін қосты. Ғалымның жоғары оқу орнына арнап жазған «Жай сөйлем синтаксисі», «Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде», «Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлемдер жүйесінде» (серік авторы Ж.Әмірова) атты оқулықтарымен қатар, еліміздің қазақ және орыс мектептерінің 1-сыныбынан бастап, жоғары сыныптарына дейінгі жазған оқулықтары мен әдістемелік құралдары, бағдарламалары, 200-ден аса ғылыми еңбектері бар.

Конференцияда ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановтың бастамасымен шығатын «Өнегелі өмір» сериясының Рақыш Сәтұлының шығармашылығы мен өміріне арналған 49-санының тұсаукесері өтті. Конференцияға алыс, жақын шетелдерден білікті мамандар қатысып, тіл білімінің бүгінгі өзекті мәселелеріне қатысты құнды пікірлер баяндалды. Сонымен қатар онлайн байланысқа шыққан Түркия және К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғалымдары да Рақыш



Сәтұлын мерейтойымен құттықтап, өз тілектерін жеткізді. Конференция барысында ғалымның еңбектеріне, өмір белестеріне арналған «Фибратты ғұмыр» атты бейнефильм көпшілік назарына ұсынылды.

Ұстаздың ұлылығын қастерлейтін алаш жұртына ортақ бұл жиынға Әмір Рақыш Сәтұлының қолынан түлеп ұшқан шәкірттері де қатысып, оқу озаты 2курс студенті Омарова Балнұрға «Рақыш Әмір атындағы шәкіртақы» тағайындалды. Сондай-ақ 3-курс

студенті Мұхтар Сержан ғалымның дәрісін тыңдаған қазақ тіл біліміне қосылған жана толқынның атынан өз тілегін өлеңмен өрнектеді.

Ғасырға жуық жасаған өмір жолының 65 жылын қазақ тіл біліміне, соның ішінде синтаксис саласына арнаған ұлтжанды ұстаздың ғылым жолы ғана емес, еңбек жолы да тұнған өнеге. Өміріңіз ұзақ, кейінгі ұрпаққа қалдырар еңбектеріңіз көп болғай, ардақты Рақыш ағай!

Ғазиза ИМАНАЛИЕВА

РЕКТОРАТ

ЖОО-ның негізгі білім беру бағдарламаларының ажырамас бөлігі білім алушыларды кәсіби іс-тәжірибеде шыңдау болып табылады. Университетте алған теориялық білімді нығайтып, іс жүзінде қолдану арқылы болашақ маман біліктілікке үйренеді. Сондықтан білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесін ұйымдастыруға үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Бұл жайлы кешегі ректорат отырысында академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Құсубекұлы Хикметов хабарлама жасады.

Біліктілік жолы

Білікті маман дайындау барысында студенттерді іс-тәжірибеге алушы кәсіпорын, мекеме немесе ұйымның оларға деген қарым-қатынасы аса маңызды. Асқар Құсубекұлының айтуынша, бүгінгі таңда көптеген жағдайда кәсіпорындар практиканттарды қосымша жұмыс күші ретінде пайдаланғысы келеді. Көбінесе өндірістік тәжірибеден өтуді қағаз жүзінде ғана іске асыру да белең алған. Бұған қоса кәсіпорындарда студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін өздерінде ұйымдастыруға деген қызығушылық жоқ. Сондықтан мекемелер мен ұйымдар студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі үшін қажетті жағдай жасауды жауапкершіліктеріне алғысы келмейді. Сондай-ақ бизнес практикалық машықтарды меңгерген дайын маманды алғысы келгенімен, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне мүмкіндік бере бермейтін көрінеді. Студенттердің кәсіби іс-тәжірибесін ұйымдастырудағы осындай мәселелерді атай келе, департамент директоры ұстаздарды бұл істе белсенділік танытуға, бей-жай қарамауға шақырды. Кәсіби шыңдалудың маңыздылығын студенттер де жете түсінуі керек. Себебі, іс-тәжірибе – жұмысқа орналасудың ең басты жолдарының бірі.

Сондай-ақ мәжіліс барысында дәстүрлі шәкіртақы табыстау рәсімі орын алып, университеттің 40-тан астам студенті әлеуметтік қолдауға ие болды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Шұғыла шашқан Шығыс мұражайы

Бүгінгі қазақ халқының түпкі тегі болатын көшпенділердің ежелгі Шығыспен әрдайым байланысы тереңде болғаны баршамамызға аян. Қазіргі таңда Қазақстан жұртшылығын әлемдік өркениеттің бастауында тұрған осы елдер мәдениетімен таныстығы әлі де болса толыққанды сипатқа ие болмай келеді. Осы кемшіліктің орнын толтыруға арналған алғашқы қадамдардың бірі – 2014 жылы 16 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде тұсауы кесілген Шығыс мұражайы – шығыс халықтарының рухани және материалдық мәдениетінен жан-жақты хабардар ететін жәдігерлер жинақталған жерге айналды.

Егер одан да әріге бойлайтын болсақ, 1989 жылы елімізде ең алғаш рет шығыс тілдерін оқытатын оқу орны да осы қара шаңырағымыз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болуы да тегін емес еді. Данышпан бабамыз әл-Фараби атындағы университет атына заты сай шығыс мәдениетін бойына терең сіңірген, білім мен ғылым нәрін сусындаған кемел жас буынды тәрбиелеуді басты мақсаттарының бір тармағы ретінде санайды. Білімді тәрбиемен терең ұштастыра білген біздің шығыстану факультетінің басты ұстанымы – жас ұрпақ бойына шығыс тілдерімен қатар шығыс мәдениетін де терең сіңіру. Өйткені, біз – шығыс мәдениетінің өкіліміз, шығыс топырағынан нәр алып өскен өскелең ұлттың ұрпағымыз. Жаһандандудың қаршыты қадамдары аясында біз

өзіміздің шығыстық ділімізден қол үзіп қалмай, қайта қаймағын бұзбай сақтап, келесі буынға мұра қылып қалдыруымыз керек. Демек, бұл сонау көнеден келе жатқан дәстүр жалғастығы, ал біздің мақсатымыз – дәстүр жалғастығын әрі қарай дамыту.

Факультетімізде осындай игі мақсаттармен астарланған нұрлы іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Әсіресе жыл сайын өткізіліп тұратын Шығыс фестивалінде шығыс халықтарының бай рухани және материалдық мәдениетін көрсететін әндер мен билер, ұлттық киімдер және ұлттық тағамдар көрмесі ұйымдастырылып, тек факультет оқытушылары мен студенттері ғана емес, сонымен қатар, Алматы қаласындағы мектептер мен гимназиялардың оқушылары да арнайы қонақ болып кайтады. Шығыс



мұражайында Қытай, Жапония, Корея, Түркия және Үндістан шеберлерінің қолынан шыққан Ежелгі Шығыстың мәдениетін, даналығын, пәлсапасы мен рухын бейнелейтін жәдігерлер бар. Мұнда шығыс халықтары ұлттық киімдері, қолданбалы өнер туындылары, тұрмыстық заттары шығыс сарынында өрнектелген. Шығыстың хас шеберлерінің қолынан шыққан бірегей экспозициялар мен жәдігерлер көз тартар әсемдігімен, рухани байлығымен тәнті ете алады. Солай болуы заңды да, өйткені мұндағы кейбір жәдігерлер әлемдегі еш мұражайда кездеспейді деп нық сеніммен айта аламыз. Шығыс


мұражайының Қазақстандағы бірегей мұражай екендігін және оның қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде орын тепкендігін мақтан етеміз. Тылсым әрі таңғажайып Шығыс мәдениетімен етене араласуға сеп болған «Шығыс мұражайы» жыл сайын ажарланып, келуші қонақтарды Шығыстың тылсым әлемімен танысуға шақырады.

А.Ә. КЕНЖЕБАЕВА,
шығыстану факультеті,
қытайтану кафедрасының доценті

ҚазҰУ-да Пәкістанның «COMSATS» Оңтүстіктің тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен технология бойынша комиссиясы өкілдерімен кездесу өтті

Жсанында жсұр жақсы адам

Білім көшін ілгері жылжытып келе жатқан ғалым-ұстаздар қауымына құрмет әрқашан арта береді. Математика саласындағы ғалымдардың қатарында белгілі математик, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Назарбай Қыдырұлы Білиев те бар.



Ұстаз — жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкілі. Н.К. Білиев — өз шәкірттерінің бойына әлемдік білімнің қазынасын ендіруге талпынған, қиындық

мол ғылымға деген сүйіспеншілікті ұялата білген және шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп отыратын тамаша ұстаз. Ол — тағылымы биік, білімі жетік, жүзі жылы ұлағатты жан.

Н.К. Білиев Ақтөбе облысының Байғанин ауданында дүниеге келген. Ол мектепте оқып жүргенде жанадан келген математика пәнінің оқытушысы Білиевтің математикаға деген қызығушылығын байқап, қызығы мен жұмбағы көп тылсым әлемге жетелейді. Оның өмір жолын тандауына осы математика пәнінің оқытушысы ерекше әсер етті. Осы таңда Назарбай Қыдырұлы Білиевті Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне алып келді. Оқуға онай түсіп студент болғанмен, табанды еңбек пен табиғи дарынның негізінде ғана ол ғылым-математик болып қалыптаса бастады. ҚазМУ-ды үздік бітірген ол өзінің ғылыми ізденістерін жалғастыру мақсатында Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының В.А. Стеклов атындағы Математика институтының аспирантурасына түсті. Міне, осыдан бастап ол ғылымның жолын қуып, эллиптикалық дифференциалдық тендеулер коэффициенттерінің ерекше нүктелері маңайындағы шешімдердің касиеттерін зерттеуге кірісіп кетті. Н.К. Білиевтің ғылыми жетістіктерін И.Н. Векуа өте жоғары бағалады. Жалпыланған аналитикалық функциялардың касиеттерін зерттеуге арналған «Обобщенные аналитические функции в дробных пространствах» деген монографиясы

шетел мамандарынан жақсы қолдау тауып, ағылшын тілінде басылып шықты. Өзінің ғылыми ізденістерінде академик Білиев математика ғылымының осы саласын қамтыды және үлкен шығармашылықпен зор үлесін қоса білді. Ғылыми ізденіс өте бір табандылықты талап ететін еңбектің түрі, сондықтан ол Мәскеуде тек Одақ көлемінде ғана емес, барша әлем ғылымында дәрежесі зор ғылыми орталық саналатын КСРО Ғылым академиясының В.А. Стеклов атындағы Математика институтында өзінің ерінбей еңбектенуінің арқасында ғылым кандидаты және ғылым докторы диссертацияларын ерекше жетістіктермен жазып, ойдағыдай қорғады.

Ғалымдар ұлттық зиялы қауымның ерекше бір тобы деп айтып жатады емес пе?! Академик Назарбай Қыдырұлы Білиев те математиктер қауымы арасында есімін бүкіл халық құрметпен атаған кездерде де өзін қарапайым ұстайды. ҰҒА Математика және механика институтының директоры қызметін бірнеше жыл абыроймен атқарды. Ол — жаны таза, әрбір мәселені терең ойланып, асықпай шеше білетін сабырлы тұлға және сирек кездесетін қарапайым адам. Оның өнегелі өміріне, ғылыми шығармашылық жұмыстарына үнілген сайын көптеген жақсылықтарға, өзін шығып көрмеген биіктерге, құнарлы ойларға кезіккендей боласын. Шын мәнінде осындай дарынды және талантты адамдар жайлы сөз ету жастар үшін қажет. Себебі, олардың алған тәрбиесін, білімін, ел игілігі жолындағы еткен ерен еңбегін көру, білу арқылы бүгінгі жас ұрпақ өздерінің талғам-танымдарын шындайды және өмірлік бағыт-бағдарын айқындайды.

Ғалымның 130-дан аса ғылыми еңбектері жарияланды. Оқушыларының ішінде 20-дан астам ғылым кандидаты және өз оқушылары мен мектептері бар 3 ғылым докторы бар.

Назарбай Қыдырұлының көп нәрсені үйренуге болады. Оның дәрістерін студенттер де, магистранттар мен докторанттар да, жас мамандар да қызыға тыңдап, ұстаздық ұлылықты байқайды. Шәкірт — ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие де алады емес пе?!

Н.К. Білиевтің шәкірттеріне әлі үйретері мол. Математика ғылымына қосар үлесі де зор деп білеміз. Ұстаздар жайында қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: “Ұстаздық — ұлы құрмет”, — деген екен. Осы бір мейірімді, жүзі жылы, жаны таза ханның арамда жүргеніне үлкен ризашылықпен қарап, бәріміз де қатты құрметтеп сыйлаймыз. Оның ғылымға шынайы берілген өнегесінен үйренеріміз өте көп.

**Г.Е. АБДУАХИТОВА,
Л.К. ЖҰМАНОВА,**

іргелі математика кафедрасының доценттері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектеп Ұлттық академиясы және ҚР Заң ғылымдары академиясының академигі, Алматы облысы және Жамбыл ауданының құрметті азаматы, ұстазымыз Арықбай Нүсіпәліұлының өмір жолы барша жастарға үлгі боларлық.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС!

Ол кісімен сұхбат барысында Арықбай ағайдың Ұлы Отан соғысы басталар алдында дүниеге келгені білдік. Әкесі мен үлкен ағасы Отан қорғауға кетіп, майданнан оралмаған. Анасы Нұрбибі 5 бірдей жас баламен қалып, өмірдің тауқыметін тартты. Ең кенжесі Арықбай ағай анасының жанашыр көмекшісі болып, еңбекпен шындалды. 1949 жылы ол Қастек ауылындағы бастауыш мектепке барды. Одан кейін көрші ауылдағы жеті жылдық мектепті бітіріп, 1958 жылы Қарақыстақ ауылындағы Октябрь орта мектебінде 10 жылдықты үздік бітірді. Сол кезеңде орта мектепті бітіргендер міндетті түрде ауылда, өндірісте кем дегенде екі жыл жұмыс істеуге міндетті болды, оқуға түсу үшін орта білім туралы аттестатты та қолға бермейтін. Сөйтіп Арықбай аға туған ауылында шопан болып істеп, 1962 жылы ҚазГУ-дың заң факультетіне түсті. Университетті үздік бітірген соң 1967 жылы жолдамамен Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының философия және құқық институтына ғылыми жұмысқа жіберілді. Осы институттан 1970 жылы КСРО Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтының аспирантурасына түсіп, осы жерде 1973 жылы заң ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алу үшін, ғылыми диссертациясын қорғады. Аспирантурада оқып жүріп, 1972 жылы КПСС мүшелігіне Мәскеуде Киев аудандық партия комитетіне қабылданды. Кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін Алматыға оралып, біршама уақыт Ғылым академиясында қызмет атқарып, артынан тұрғын жайдың жоқтығынан Алматы облыстық сотының судьясы қызметіне 1973 жылы шілде айында қызметке тұрды. Облыстық сотта 1978 жылға дейін мінсіз қызмет атқарды. Осыдан кейін ежелден аңсаған арманы жас мамандарды оқыту үшін Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетінің аға оқытушысы болып, біраз уақыт студенттерге ғылым-білім берумен айналысты. 1991 жылдың қаңтар айынан бастап, өзі білім алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің доценті, профессоры, 1998-2008 жылдары кафедра менеджері, одан кейін университет профессоры қызметін абыроймен атқаруда. Арықбай Нүсіпәліұлы ғылым саласында тынымсыз еңбек етіп келеді. Оның нәтижесі — бүгінде ол 800-ден астам ғылыми еңбектің авторы, 30-дан астам заң ғылымының кандидатына, 5 ғылым докторына жетекшілік етті. Одан кейін басқа да қорғалған көптеген диссертациялық жұмыстарға

ресми аппонент болып, әділ баға берді. Ұлағатты ұстазымыздың мемлекеттік тілдегі «Қылымсытқықұқық» оқулықтарымен Қазақстанның заң оқу орындарының барлық студенттері білім алуда. Сонымен қатар 2011 жылы А.Н. Ағыбаев «Қазақстан Республикасының қылымсытқық кодексіне түсіндірме» атты бағалы ғылыми еңбекті «Жеті жарғы» баспасынан жарыққа шығарды. Одан кейін «Сот құжаттарының үлгілері» атты құнды еңбектер жазып шықты. Бұл еңбектер бүгінде сот, прокуратура, Ішкі істер органдары қызметкерлерінің басты қажетті құралына айналды. Жарияланған ғылыми еңбектер мемлекеттік тілде өте сауатты және түсінікті жазылғандығымен құнды.

Профессор А.Н. Ағыбаев білім-ғылым саласында көпке үлгі ғалым ретінде баспасөз беттерінде үнемі өзекті тақырыптарға арналған ғылыми мақалалар жариялап тұрады. Сонымен бірге ұстазымыз үлгілі отбасының басшысы, косағы Күләш апайымызбен бір ауылда туып, екеуі бірге өскен. Күләш Шәріпқызы педагогикалық институтты оқып, үздік бітірген. Ұзақ жылдар бойы оқытушы, мектеп директоры қызметін атқарған. Бүгінде еңбек демалысында, немерелерінің қамқоршысы. Бұл отбасының бүгінде екі ұлы, бір қызы, жеті немересі бар. Әрқайсысы өз міндеттерін адал атқаруда, немерелерінің барлығы — оқу озаттары.

Міне, ұстазымыз профессор А.Н. Ағыбаев осындай көпке үлгі боларлық тұлға. Біз жас ұстаздар — шәкірттері ұстазымызбен мақтанамыз! Өйткені ол кісі ұстаздық етуден жалықпайды. Өз білгенін жастарға үйретіп, еліміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді.

Назгүл ТҰЯҚБАЕВА,
кеден, қаржы және экология кафедрасының доценті, PhD доктор

■ РУХАНИЯТ

ҚАЗАҚ ҚИЯЛНАМАСЫНЫҢ

ДАЙЕКТЕУШІСІ

XX ғасырда тұмса жанр болып енген қазақ қиялнамасының өрлеу бағыттары айқындалып, бір соқпақ жүйеге түсті. Сол елеулі еңбектің қазанын қазынаға толтырып, қазақ әдебиеті қиялнамасын зерттеп, елеулі үлес қосқан, ф.ғ.д., профессор, журналист-ұстаз Абдул-Хамид Файзуллаұлы Мархабаевтың орны бөлек. Ғалымның көзі тірі болғанда сәуірдің 18 жұлдызында тағы бір мерейлі жасын тойлар еді.

Қазақ қиялнамасының көкжиегін кеңейтіп, қомакты еңбек атқарды. Жанр жаратылысын қарастырушылардың алдыңғы сапын бастаушы А. Машанов А.Ф. Мархабаев турасында “Абдул-Хамид Файзуллаұлы “фантастика жанрына жатады-ау” деген көп шығармаларды қамтыған, үлкен еңбек еткен... Кейбір ұмыт болып бара жатқан нәрселерді де тауып алып, ортаға салған. Демек, бұл жана зерттеулер, жақсы бағамға деп білеміз... Осындай тың жатқан мәселені қозғап, өзінше байламдар жасауы — сүйсінерлік нәрсе”, — деп баға берген. Қазақ фантастигінің классигі деп құрмет биігіне көтерген жазушылар да баршылық. Олар фантастиканы қазақ әдебиетінде дәйектеген Мархабаев әлемін барынша қалыр тұтты. Жазушы, Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты Куаныш Жиенбай: “Мархабаев қиялгер қаламгер ретінде қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының көшбашысы бола білді. Оның “Ғарыштағы қымыз”, “Арал әуендері”, “Балалардың аман қалғанын айт”, “Аспанға құлады да

кетті”, “Жарыққаушы”, “Тосын ғарышхат”, “Шолпан планетасы, сен кінәлісің!”, “Қызық қиял” секілді кітаптарының келешекте дилгәр дүниемізге айналатындығына ешбір күмән жоқ”, — деп толғанады.

А-Х. Мархабаев қазақ әдебиетіндегі — фантастика жанрының теориясын зерттеуші абыз ұстаз. Ұстаздың “Қазақ фантастикалық әдебиеті” оқулығы — қазақ әдебиетіндегі фантастика туралы сыни-ғылыми зерттеулердің арасындағы тұңғышы және елеулісі. Аталған оқулықта фантастика саласының бүкіл өткен жолы ғылыми-нақтылы, дәйекті түрде сараланады. Қазақ әдебиетіндегі фантастиканы кейінгі 30-40 жылдардың туындысы дейтін үстірт көзқарасты үзілді-кесілді теріске шығарып, бұл жанрдың түп бастауы сонау ауыз әдебиетінде, қиял-ғажайып ертегілерде екенін көз жеткізе дәлелдейді. Оның бүгінгі жай-күйін бағамдап, болашақтағы бағыт-бағдарын болжамдаған.

2011 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген автордың “Қазақ қиялының “жүріс-



тұрыстары” оқулықнамасы қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрын оқырманға тағы бір тамаша жеткізе білді. Монография автордың осы саладағы ізденістері мен зерттеулерінің жанаша зерделуінен туған туынды. Қазақ қиялының әдебиет әлеміне келуі, дамуы, кемелденуі, сөз өнерінің басқа салаларымен сабақтастықтары зерттелген.

Мархабаев шығармашылығы — қазақ

қиялының бір бастауы. Артында қалған мол рухани дүниесі, қазақ қиялының тамаша төлқұжатын әзірлеуі бүгінгі буын үшін әдебиетке деген ұқыптылық пен жауапкершіліктің тамаша үлгісін көрсетті және әдебиет пен ғылымның арасын байланыстырды.

Қиял адамзатпен бірге басталды, адамзатпен бірге жалғасады. Оның шегі де, шеті де жоқ болар?! Сол шетсіз, шексіз кеңістік адамның жана мүмкіндіктерге ие болуына жол ашып тұрғандай-ақ. Біздегі қиял ұлттық бояуымызға тән, батыстық сарын ол да өзіне сай. Бірақ, бір ғана ортақ түсінік, адамдардың биікке ұмтылуы, яғни ғылым мен білім арқылы жетуі, қиялдың бір ғажабы арқылы ғана өрлеп келеді. Демек, санада жасырынып жатқан қиял жасушалары әлі толық ашылмай келеді. Оны іске қосып, жүргізуші, әрине, біз саналы адамдар ғана! Келешек өмірге қиял көкжиегімен қол жеткізейік!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
баспа ісі және дизайн кафедрасының 4-курс студенті

(Жетекшісі **Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,**
аға оқытушы)

В КазНУ подвели итоги студенческого фестиваля «Айналанды нұрландыр!»



Сәкен Жүнісов – ҚазҰУ-дың 1957 жылғы түлегі, бүгінде Қазақстанның халық жазушысы. Таңдамалы шығармаларының бірі әрі бірегейі – «Заманай мен Аманай» романы деп білеміз. Біріміз бұл романды оқысақ, енді біріміз фильмін көрдік. Отанға деген сүйіспеншілік кең көлемде суреттелген бұл роман жайында біз де біраз сыр тарталық.

Қазақтың қай жазушысы, ақиық ақыны болмасын, өз шығармаларында Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілігін жеткізеді. Сондай шығармалардың бірі осы «Заманай мен Аманай» романы. Бұл шығарма елдің қиын-қыстау кезеңіне, өткен уақыттардағы ащы шындыққа көз жүгіртеді. Шығармада елге деген сағыныш, адал достық, шынайы махаббат, сыйластық сынды ұлы сезімдердің барлығы кездеседі. Романды оқу барысында қиындыққа толы кезеңдерде оқырманның көзіне жас ұяласа, енді бір жерлерінде еріксіз езуге күлкі жиырылады.

Шығарманың басы «Бұл 1930 жылдың мамыр айы болатын» деп басталады. Барлық оқиға Сәлімгерей байдың қызы Балқия мен Сейітбаттал қойшынның ұлы Атымтайдың махаббатынан басталған еді. Бала кезінен бірге ойнап, бірге өскен бұлар кейін сөз байласады. Балқия Семейдегі акушерлік оқуды, ал Атымтай калмықтық істер жөніндегі оқуды тамамдайды. Елге келіп, Атымтай бітірген оқуы бойынша жұмысқа тұрады. Атымтай жұмысына адал адам болатын. Ол кедейдің малдарын жиған байларды кінәлап, оларды сот үкіміне тартқызуды ойлайды. Осылай байларға: «Өз еріктеріңізбен малдарыңызды өткізіңіздер, сонда сіздерге қиын болмайды», – деп ескертеді. Олардың

арасында Балқияның әкесі Сәлімгерей де бар. Бұл сұмдықты естіген ел ауқаттылары елден қашуды жөн көріп, түнгі уақытта жөнелуге дайын тұрады. Бірақ болашақ жары осында болғандықтан, оның үстіне Атымтайдан аяғы ауыр Балқия қаламын деп шешеді. Бұны сезген Атымтай ергеніне оларды жолдан тоқтатып, ұстап алып келеді. Алайда Сәлімгерей бай ауыр жаралы оралып, қайтыс болады. Бұның бәріне Атымтайды кінәлап, Балқия енді елді өзі бастап кетуді жөн көреді. Осылай әкесінің орнына өзі жол бастайды. Әрине, бұл бір тұста адал махаббатты адамның ар-намысы, ұяты жөнелді. Егер бәріне көз жұмып қарай салатын болса, Балқия, бәлкім, өмір бойына өзін кінәлі санап өтер ма еді?! Бұл бөлімдері адамды намысшылдыққа, ата-анаға деген шексіз сүйіспеншілікке баулиды. Бұл дүниеде баланың ең басты міндеті, парызы – әкенің аялы алақанын, ананың ақ сүтін ақтау. Міне, бұл жолдар оқырманға осыны ұғындырды.

Шығарманың жалғасы Қылкөпірден өтетін жол болатын. Қылкөпірден өтетін шақта тағы да Атымтай алдарынан шығады. Тоқтатқысы келеді, бірақ Балқия бой бермейді. Әрине, Балқияның жүрегінде әлі де сол бір сезім, махаббат сөнбеген еді. Бірақ ол бұл жолы өз елін, туыстарын, қанын ойлайды. Кетерінде: «Күрсағымдағы ұл – сенің қаның. Әкем заманай деп айта беруші еді, сол себептен босанғанда есімін Заманай қоямын», – деп жүріп отырады. Осылай екі ғашықтың жолы екі айрылады.

Әрине, бұл жолдардан да алар тәрбие мол. Адами құндылықтар, соның ішінде адамның ар-

намысы, ұяты алдыңғы орындарда тұруы керек деген ой, міне, осы жолдардан туындайды.

Бұдан кейінгі шығарма желісі екеуінің өмірі жайында болады. Атымтай оларды жібергені үшін сотталып шығады. Одан кейін соғысқа аттанып, сол жерде қайтыс болады. Ал Балқия бөтен елге келген соң, мал-мүлкі салыққа кетіп, бірте-бірте азайып, тақыр кедейге айналады. Осылай уақыт өтіп Заманай да дүниеге келеді. Ол өсіп ер жетеді. Бірақ тұрмыс жағдайына байланысты оқу оқымайды, сауат ашпайды. Сол жылдары «Әскери коммуна» деген тәртіп орнап, жұмысқа жарамды деген ерлер мен әйелдерді Білікті деген жерге алып кетеді. Солардың ішінде Заманай да бар еді. Барар алдын Әлима деген қызға үйленген Заманай ұлды болады. Есімін Балқия Аманай деп қояды. Бірақ сол кеткеннен Заманай қайта оралмайды. Сол жердегі шахта қызметінде істеп жүрген сәтінде шыға алмай, қаза болады. Өлер алдын іздеп барған анасы Балқияға Заманай: «Сізді аяушы едім, ал қазір ана ретінде де мойындамаймын. Себебі сіз өркөкірек мені елден айырып, әкемнен де айырдыңыз», – деген болатын. Әрине, бұл жолдар баланың реніші, ішкі өкпе, наласы болатын. Осылай Заманай қаза болады. Балқия барлығына өзін кінәлайды, Атымтайдың өліміне де, Заманайға да. Осылай ол немересін өз Отанына алып баруға түнде елден қашып шығады. Балқияның бар ойы баласы сағынышпен көз жұмды, енді тым құрыса немересінің өз Отанында ер жетуін қалады. Осыдан кейін олардың жолда көрген қиындықтары баяндалады. Бала Аманай осы бір

ұзақ жолда бірнеше жасқа есейді десе де болады. Себебі, әжесі немересі тұрмақ, өзіне қарауға да қауқары жоқ еді. Сол уақыттарда бала Аманай біраз еңбек атаулыға үйренеді. Осылай Отанға, өз еліне жетер шағында аурушан, қартаң Балқия жол азабына шыдай алмай қайтыс болады. Жолдан шаршаған, қарны ашқан жас баланың әрі қарай жүруге шамасы келмей құлайды. Осылай оны Әскери адамдар тауып алып, елге жеткізеді. Әскери кісілердің ішінде бір кісі Аманайға камкорлық көрсетеді. Шығарманың соңы, міне, осылай аяқталады. Ал, бұл соңғы бөлімдерден түйген ой – еңбек адамды алға сүйрейді, ал көңілдегі сағыныш адамға азық болады. Өмірде бар нәрсе адам ойлағандай, адам қалағандай бола бермейді. Оның бәріне адам өз еңбегімен, өз ниетімен, өз талабымен жетеді.

Бұл романды оқыған адам қандай да болмасын көкейге ой түйері анық. Шығарма өмірдің алуан тұстарын бейнелейді, қиын сәттерді суреттейді. Тағдыр тауқыметі, сағыныш, сезім – бәрі-бәрі осында баяндалады. Өмірде адамға қажетті негізгі құндылықтар жайында да сөз болады. Жалпы, қандай да бір шығарманы оқысаң, оның өзіндік бір мазмұны, адамға берер тәрбиесі болады. Бұл шығарманың басты мазмұны – Отанға, елге деген сүйіспеншілік бәрінен күшті. Өз жерінің орны бөлек екендігі айdan анық. Сондықтан өз жерімізді, елімізді бағалайық, ағайын!

Ф.Б. БЕЛИСАРОВА,
ф.-м.ғ.к., доцент

Қазақ жазушыларының әрбір туындысы мен үшін өзіндік ерекшеліктерімен есте қалады. Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызы мол жылдары» шынайы махаббаттың өмірдегі рөлін бейнелесе, Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы әрбір жақын адамның сенің өміріңдегі алар орнын ұғындырады, әрбір дүниенің қадіріне жетуге өз септігін тигізеді. Айта берсек қазақ шығармалары таусылар ма? Енді мен сөзімнің айғағы ретінде соңғы оқыған туындыма кезек берсем. Сол жайында өз пікірімді ортаға салсам деймін. Даму үстіндегі еліміздің ой-санасының, көзқарасының артуы, интернет желісінің немесе өзге елдің мәдениетін көрсететін, ойды ұлайтын фильмдерімен емес, өз әдебиетіміздің төл туындыларымен байланысты деп білемін. Әрбір қазақы шығарма ұлттық сананың дамуы, әдет-ғұрыптың сақталуы, татулығының нығаюына зор үлес қосады деп білемін. Сондай шығарманың бірі Сәкен Жүнісовтің «Заманай» романы болатын.

Көкейге түйген ойлар

Шығарманы оқу барысында елге деген құрмет, патриоттық сезім бұрынғыдан да арта түскендей болды. Атымтайдың адал жүрегі, махаббаты, Заманайдың әкеге деген сағынышы, Аманайдың ерлігі, елге деген сүйіспеншілігі кімді де болса ойландырары анық. Шығарма желісін оқу барысында жазушының Атымтайды суреттеген жерлері, яғни оның батырлығын, батыл қадамын, Отанға деген адалдығын оқығанда қазақ ері, міне, осылай болуы керек деп топшылайсың. Әрине, ол әрбіріннің қолынан келсе.

Әрине, Балқия да адал, батыл қыздардың бірі. Бірақ қыңыр мінезінен осындай көптеген келенсіздіктерге ұшыраған бақытсыз әйел. Тіпті, оқуды қызылмен, Гүлбарша екеуі бітіргенімен, Балқия Атымтайдың айтқанына көнбей, елін алып қашып кетеді. Ал, Гүлбарша өз мақсаты жолында күресіп, соңында үлкен отбасын

құрып, жұмысында жемісті табыстарға кенеледі. Бұны газет беттерінен оқыған Балқия іштей қызғанышпен күрсініп қана қояды. Өмірде көп қателескен Балқия бақыт дәмін адал жарына да, туған ұлына да, тіпті, өзіне де сездірмей өмірден озады. Соңында өкінгенімен, әрине, кеш еді. Шығарма соңы Аманайдың тауға ойлана қарап тұрған жерінен аяқталады. Оның одан кейінгі тағдыры қалай болмақ. Ол оқырманға беймәлім.

Мен кітапты аяқтай келе, соның былайша қиялдап аяқтаған болдым: бала Аманай өз еліне оралады. Ондағы Атымтайдың қартайған жолдастары, олардың ұлдары, немерелері Аманайға қол ұшын беріп, Аманай үлкен азамат болады. Аңсаған арманына жетіп, әкесінің жолын қуған адал азамат болып өседі. Анасы Әлиманы өз қолына алып, адал жар алып, үлкен отбасын құрып, бәрі бірге баянды

да бақытты ғұмыр кешеді. Әрине, бұл мендегі қиял. Менің түйгенім – өмірде жақсы ойлай білу керек және жақсылыққа ұмтылу керек, сонда ғана сәттілік саған серік болады. Дұрысы – уақытында сабырлы болып, өз-өзінді ұстай білу, мақсатына жету жолында күресу, Отанына адал қызмет көрсету. Міне, бұл кітап маған осыны үйретті, құрметті оқырман!

Жалпы, жастарға айтарым, әрбір қазақ жазушысының туындысы ол қазақы көзқарасты дұрыс қалыптастырады. Нағыз қазақ халқының бейнесін көрсетеді. Сондықтан өз ұлтымыздың дамуы үшін, өрлеуі үшін шетке жүгірмейік, озық дүниені шеттен іздемейік! Себебі, біз бақытты Отанымыздан ғана табамыз, құрметті оқырман!

М.П. ИМАНҚҰЛ,
физика-техникалық факультетінің
3-курс студенті

Повестен үзінді

Түн ортасында сіркіреп жсауған жсауын арты қиыршық қарға айналған. Оның арты қылымықтаған жеңіл майда қарға ауысты. Тау ішінде, биік құзда, жсауа еритін, ғұмыры аз, бір күндік бар. Бетін шапанмен тұмшалап алған Аманай таң ата тық-тық жөтеліп жсатып, оянып кетті. Жыртқы етігінен аяғы мұздағандікі ме, бір аунаса қия жарқабақтан шыңырауға құлайтын күз шетінде жатқаны есіне түсіп кетті ме, шошып оянды. Ояна сала әжесін іздеді, жан-жағын қарманып, жан ұшырып іздеді.

– Әже! Әже! Қайдасың? Қайдасың? Айнала дүние аппақ.

Қыламықтап жсауған қар жол үстін, жақпар тастарды ақ ұлапамен опалап тастапты. Аманай әжесін таба алмады. Жан-жағына жалтақтап, елегізіп тұрып, жолдың үзілер жеріндегі қарайғанға көзі түсті. Орнынан атып тұрыпеді, қар әлі қалың баса қоймаған адам орнындай жер қара қошқыл тартып жсатыр екен. Бұл-кәрі қанатын жазып қалықтауға дәрменсіз дімжас шағаладай етпеттей сүйретіліп, жер бауырлай жылжып, жаңа ғана Қыстың қанды суына құздан қалбаң ойнап құлаған Балзияның орны еді.

Әже, әжетай, әже, қайдасың? Қайдасың, әже, әже-ай! – деп кемсендеген баланың қарлығы шыққан аянышты зарлы үні мен үзік – үзік өксігін тұманды тау іші тұншыға қайталап, сай – сала сыбырлап, алысқа әкетіп жатты.

Бешті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА

ҚазҰУ-да «Жандану әлемі» қорының ұйымдастыруымен II Ұлттық экологиялық жастар форумы өтті

Құрметті оқырман, «Айналанды нұрландыр!» жалпыуниверситеттік фестивалі аясында студенттердің тілге деген құрметін арттыру, өз ойын көркемдеп жеткізу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық бағыттағы қаламдарын ұштау мақсатында ұйымдастырылған байқау да өз мәресіне жетті. Газетіміздің осы санында студенттік эссе байқауында үздік деп танылған қатысушылардың шығармашыларын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Айналанды нұрландыр!

Күйбең тірліктің қамымен таңның қалай атып, күннің қалай батып жатқанын аңғармай жатқан адамдар қаншама? Қарбалас қала өмірі адамдардың уақытын ұрлап кеткендей. Асыққан адамдардың адымы алшақтап, шаршаңқы жүз шығулы қабақтар көбейіп, жайдары күлкі бізден жырақтап кеткендей бола береді.

Әркім өз шаруасымен әлек, айналада не болып жатқаны адамдарды қызықтыра қоймайды. Әр адам өзін топтан дара ұстауға дағдыланған. Арамыздың алыстап, қарым-қатынасымыздың суып бара жатқаны – бүгінгі қоғамда белең алып отырған құбылыстардың бірі.

Бірақ, бұл біздің қалауымыз емес. Біздің қалауымыз – бұл қоғамның жылуы. «Көп түкірсе көл болады» демекші, әр адамның ат салысуы осы қоғам атты алып ортаны кішкентай бір бөлмедей жылыта алады. Әрдайым айналасын нұрландырып жүретін жан соның тамыздығы іспетті. Айналаңа нұрыңды төк, жылуыңды шаш, сонда сол жылулыққа өзің де бөленетін боласың.

Айналанды нұрландыр! Бұл тау қопарып, көл қотарарлықтай үлкен шаруа емес. Әркімнің қолынан келетін, үлкен болмаса да үлгілі, көп болып көзге түспесе де, нақ болып назарға ілінетін іс.

Айналанды нұрландыру – қала көшелерінде кез болған сұраққа толы жанарларға кішіпейілділікпен тіл қату. Білмесең білмегенінді айтып, білсең білгенінді толығымен ұғындыру. Бәлкім өз сұрағына жауап ала алмаса да сенің жайдары жүзіңнен бір жылулықты сезер, ал жауап таба алса, өз бағытын түзеп, жақсы бір көңіл күймен сапарын одан ары жалғастыра.

Айналанды нұрландыру – көмекке мұқтаж жандарға шамаңның келгенінше қол ұшын беру. Ауыр затын әрең алып бара жатқан адамға бір жағын көтерісіп жіберсең де, жол шетіндегі тағдыр тәлкегімен басқаға алақан жаюға мәжбүр болған жандарға аз да болса да өз көмегінді көрсетсең де, сол бір азғантай іс-әрекетің жаңағы адамның жүзіне күлкі, жүрегіне жылу әкелмесең кім кепіл.

Айналанды нұрландыру – осы қоғамның бір мүшесі ретінде қоғам үшін азды-көпті қызмет атқару. Кішісі жол шетінде шашылып жатқан қоқысты жәшікке апарып тастаудан, үлкенірек волонтерлық жұмыстарға дейін. Істеген ісіңнен ешқандай бір кіріс көрмесең де оның барысында өзіңді бұл қоғамның толыққанды бір мүшесі ретінде сезініп, өзің жасаған құндылықтарды көрудің өзі зор бақыт.

Айналанды нұрландыр, қамыққан жүзге ұяласын күлкі! Айналанды нұрландыр, тарыққан жан тапсын тағат! Айналанды нұрландыр, айықсын тұман, төгілсін нұр! Болмасын күмән, жайқалсын гүл. Айналанды нұрландыр, орнасын арамызда береке. Орнасын бірлік, етпесін ешкімді-ешкім келеке. Айналанды нұрландыр, бақыт құсы бағымызға келіп қонсын! Айналанды нұрландыр, айналамыз нұрға толсын!

Ергүл СӘБІК,

Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының 3-курс студенті

«Үздік эссе» байқауының жеңімпаздары

1. *Бибіхұр Орынова – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті*
2. *Нұрғали Дәурен – механика-математика факультетінің 3-курс студенті*
3. *Жанель Жақсылық – заң факультетінің 1-курс студенті*
4. *Райма Әуесхан – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс магистранты*
5. *Ольга Валикова – орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының докторанты*
6. *Анастасия Попова – халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті*
7. *Алтынай Кабидешева – шығыстану факультетінің 3-курс студенті*
8. *Нұрсұлтан Шайх – шығыстану факультетінің 2-курс студенті*
9. *Ергүл Сәбік – шығыстану факультетінің 3-курс студенті*
10. *Әсел Намед – шығыстану факультетінің 2-курс студенті*
11. *Сантьяго де Ласала Порто (Испания) – ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің студенті*



Барша адамзат, айналанды нұрландыр!

Сүйемін Отанымды, қазақ елін,
Тау-тасын, өзен-көлін, арқа белін.
Найза ұшымен қорғаған кең өлкесін,
Бабалар болашаққа артқан сенім!
Осындай таңы атқан бейбіт күнде,
Ояндық жалқау ұйқы артта қалып.
Жұлдызы биік тұрған ел боламыз,
Әр тұлға күш-жігерін жатса салып.
Жетелейтін қараңғыда тұрғанды,
Ағайындар, айналанды нұрландыр!
Көтеріп ақ жалауын адалдықтың,
Көрсетпей көлеңкесін, надандықтың!
Мейіріммен қол созып тарыққанға,
Жарық нұры шашылсын адамдықтың!
Мейірімнен салынатын қорған бір,
Туыскандар, өз ортанды нұрландыр!
Жастары алға ұмтылсын биігіне,
Биігі дем берсінші біліміне.
Әр саланы тандаған әр азамат,
Айналасын маманының білгіріне!
Күн жарығын арамыздан қылған бір,
Мақсатыңды жігерменен нұрландыр!

Қол қусырып отырмайық, бауырлар,
Біз біріксек жеңілдейді ауырлар.
Білімді өлке жасайықшы Отанды,
Сонда бізді сүйікті ұл деп қабылдар!
Күндей боп төгер жылу шуағын,
Әрбір адам жүрсе деймін қуанып.
Жақсылыққа ұмтылайық, ағайын,
Қолымызға нұрдай жарық ту алып.
Жүрек мұзын өткен күнге нұрландыр,
Өмірінді махаббатпен нұрландыр!
Әділдікпен ел билесін басшымыз,
Сынын айтсын міні болса халығы.
Ізденуші ынта қойсын білімге,
Тұтананды сонда шамның жарығы.
Беу, тындаушы, құлағыңды сырға тұр,
Білімменен ой-сананды нұрландыр!
Өңімізге айналдырып арманды,
Көтерейік биіктерге талғамды.
Өзімізбен жетелейік, халайық,
Жақсылықтан сыртта үлгермей қалғанды!
Айтылатын жүрек жарды жырдан бір,
Барша адамзат, айналанды нұрландыр!

Нұрғали ДӘУРЕН,

механика-математика факультетінің 3-курс студенті

За здоровый образ жизни!

Плохая погода, которая была обещана синоптиками, не помешала жителям Алматы собраться на площади «Абай» перед Дворцом Республики, чтобы отметить ставший уже традиционным праздником – Всемирный день здоровья.

Сегодня здоровый образ жизни становится девизом многих. Но не потому, что это модно, а потому, что человек сам понимает, что правильное питание и регулярные физические нагрузки – это нужно непосредственно его организму. Ведь от состояния и уровня нашего здоровья зависит наша жизнь в целом и процветание нашего государства, при этом состояние здоровья подрастающего поколения – важнейший индикатор благополучия общества и государства. В связи с этим вовлечение студентов в мероприятия с пропагандой здорового образа жизни помогает сформировать самостоятельную, творческую, стремящуюся к сохранению физического, психического и нравственного здоровья личность студента.

Нас радует то, что значимость и

глубокий смысл трех крохотных слов вечного лозунга «Здоровье дороже богатства» понимают и приветствуют наши студенты. В этом году в рамках Всемирного дня здоровья проводился городской марафон «7 шагов к здоровью» под девизом: «Твое долголетие в твоих руках». Студенты факультета биологии и биотехнологии 2 и 3 курсов приняли активное участие в этом мероприятии.

Студентам представилась возможность поучаствовать в соревнованиях по народным национальным видам спорта, развлекательных играх, в состязаниях по прыжкам на скакалке и вращению обруча. Соревнования прошли оживленно и радостно, ребята показали свое мастерство, сплоченность командного духа и спортивный азарт. Интересным моментом марафона стал фитнес-танец

«Зумба», в который были вовлечены все желающие. Эта танцевальная фитнес-программа – невероятный микс разных направлений и жанров танцевальной музыки. Было ощущение, что находишься на каком-то празднике и совершенно не замечаешь, как проходит время.

Кроме этого в рамках мероприятия ведущие специалисты медицины г.Алматы консультировали всех желающих. Такая возможность представилась и нашим студентам, которые прошли обследование на раннее выявление социально-значимых заболеваний, получили высококвалифицированную консультацию в Школах здоровья, устроивших организаторами мероприятия.

Мероприятие прошло весело и продуктивно, хочется, чтобы на следующий год как можно больше студентов нашего факультета приняли участие в праздновании Всемирного дня здоровья.

Н.Р. АКМУХАНОВА,

к.б.н., и.о. доцента кафедры биотехнологии

Тазалық – денсаулық кепілі

Тазалық – денсаулық кепілі екендігін ұмытпаған біздің студенттеріміз көктем келісімен ұйымдастырылған сенбіліктердің бөріне қатысып, тазалық жұмыстарын жүргізуде. Соның ішінде ерекше атап айтарлығы, «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасының куратор-эдвайзерлері: Ә.М. Зұлбухарова, М.А. Бөрібаева, К.А. Есеналина, А.А. Құйкабаевалардың ұйымдастыруымен ардагерлер үйінің ауласын тазарту сенбілігі. Студенттер ардагерлер үйі айналасындағы қоқыстарды тазалап, талдардың қураған бұтақтарын кесті және түптерін тазалады. Сонымен қатар жер аударып, тал егіп қайтты. Тазалықты сақтай білу – әрбір азаматтың парызы деп білетін біздің студенттеріміз барлығы бір кісідей атсалысып, дәстүрге айналған бұл сенбілікті ойдағыдай өткізді. Ардагерлер үйінің басшылығы: «Осындай пайдалы істеріңізбен әрқашан көмек қолын созып жүретіндеріңіз үшін мын алғыс», – деп, ҚазҰУ мұғалімдері мен студенттеріне өз ризашылықтарын, жылы лебіздерін жеткізді.

Ш.А. БОЛЫСБЕКОВА, А.Е.

ТҰРСЫНБАЕВА,

физика-техникалық факультеті

В КазНУ прошли международная конференция и презентация книги, посвященные 85-летию со дня рождения профессора Р. Амирова

Гран-при у ҚазНУ

Университет «Туран» проводит межвузовские студенческие фестивали под девизом «Вот такие мы, талантливые!». Они традиционно проходят каждую весну, в апреле месяце. Свои телесюжеты, видеофильмы, документальные фильмы представили студенты разных вузов Казахстана.



Но этот фестиваль был особенным, он назывался «В память о вас, герои!» и посвящен был 70-летию Великой Победы, где приняли участие ветераны ВОВ, представители Совета ветеранов ВОВ и труженников тыла, руководители телерадиокомпаний, учебных телестудий. Фестиваль был поддержан общественным фондом ветеранов ВОВ и тыла.

В конкурсе приняли участие студенты творческих факультетов вузов Алматы, обучающиеся в университетах «Туран», КазНУ им. аль-Фараби, Университета Международного Бизнеса, Академии кино и телевидения. Многие работы раскрыли темы войны и Победы с неожиданного ракурса, креативно и нестандартно. О герое войны, партизане Касыме Кайсенове рассказали студенты факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби.

Профессиональное жюри в лице главного редактора Алматинского филиала АО «Агентство Хабар» К. Хасеновой и ведущего тележурналиста страны Ж. Ахметовой, просмотрев все студенческие работы, огласило имена победителей конкурса. Гран-при получили студентки

2 курса факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби – Гулим Рыскулова и Инкар Абылкасым (руководитель – доцент К.Н. Мысаева) за видеофильм о ветеране ВОВ Касыме Кайсенове.

Первое место за видеофильм «Санитарный батальон» занял Кадыржан Мухатаев из университета «Туран», второе – Снежанна Евтушенко из Академии кино и ТВ за телепрограмму «Последний герой», третье место заняла группа студентов университета «Туран» о ветеране Изюмникове, среди них: Елена Пьяных, Ильяс Турар, Ирина Криштоп, Анастасия Приходько, Станислав Гноевой. Почетными дипломами были награждены студентки 2 курса факультета журналистики КазНУ: Салтанат Кустанова за видеофильм «Ветераны ВОВ КазНУ им. аль-Фараби» и Ирина Ковальчук – за видеофильм «Никто не забыт и ничто не забыто».

С.Х. БАРЛЫБАЕВА,
д.и.н. профессор,
К.Н. МЫСАЕВА,
зам. декана факультета журналистики

Студентка первого курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ Умида Садыкова завоевала серебряную медаль на женском чемпионате страны по боксу в весовой категории свыше 81 кг.

“СЕРЕБРО” УМИДЫ

Чемпионат прошел в рамках IV республиканской спартакиады с 12-18 апреля в г. Шымкенте, где приняли участие более 80 спортсменок со всех регионов страны. Умида провела три боя, два из которых окончились нокаутом для соперниц. В финальном поединке она встретилась с пятикратной чемпионкой РК, спортсменкой из Астаны Ляззат Кунгейбаевой. Умида достойно вела бой, но в итоге проиграла техническим нокаутом.

«Это отличное достижение для моей подопечной, так как она делает свои первые шаги во взрослых чемпионатах. В молодежных соревнованиях она показывала выдающиеся успехи, два года подряд брала «золото» в чемпионатах РК среди девушек до восемнадцати лет», – сказал тренер боксёрши Бахыт Байкулбаев.

По результатам соревнования У. Садыкову взяли в сборную Казахстана по женскому боксу и сейчас ее готовят к чемпионату Азии. «Моя мечта – выиграть чемпионат мира, который пройдет в феврале следующего года. Я упорно тренируюсь каждый день для достижения этого результата», – отметила спортсменка.



Рустем АБРАЕВ

ҮЗДІКТЕР ЖЕҢІСІ

ҚазҰУ-да «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен дәстүрлі мини футболдан жарыс өтті. Факультетаралық және студенттік ұйымдар арасында өткен футболдың басты мақсаты жастар арасында әлемдік дәрежедегі ойынның деңгейін көтеру, дамыту, өзіндік үлес қосу болатын.

Қызу тартыс нәтижесімен факультетаралық ойындарда бірінші орынды химия және химиялық технологиялар факультеті, екінші орынды Экономика және жоғары бизнес мектебі еншілесе, үшінші орынды тарих, археология және этнология факультеті иеленді. Ал ұйымдар арасындағы мини футболдан жеңімпаз «Сұңқар» студенттер кәсіподағы атанса, екінші орынды студенттер кенесі, үшінші орынды

студенттер сенаты қанжығасына байлады. Ойын өте жоғары деңгейде өтті. Кәсіподақ төрайымы Айдана Дәуренқызы соңында дәстүрлі түрде өтіп жатқан мини футболдың кезекті ойынының аяқталуымен құттықтай отырып, барша қатысқан командаларға үлкен алғысын білдірді.

Гүлжанат БЕЛАСАР,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

«Лучшие знатоки криминалистики»

За последние два десятилетия нельзя не заметить симптом заметного снижения интереса к предмету «криминалистика», который ранее при линейной технологии и в начале внедрения кредитной технологии входил в число обязательных дисциплин при подготовке профессиональных юристов в нашей стране.

Нельзя не выразить серьезную озабоченность тем положением, в котором сегодня оказалась криминалистика как предмет университетской подготовки и необходимый атрибут профессиональных юридических знаний, ведь не только существенно сокращены аудиторные часы, она причислена к числу элективных дисциплин. Негативные последствия этого откровенного пренебрежения, которое все более ощущается в отношении к изучению криминалистики, уже сегодня сказываются на работе практикующих юристов. Вряд ли мы можем рассчитывать на пополнение кадрового состава профессиональных судей, адвокатов, не говоря уже о следователях, полноценными специалистами, если криминалистика

и далее будет восприниматься как некое обременение юридического образования, как дисциплина, по недоразумению попавшая в программы обучения юристов. Преступность организуется, становится интеллектуальней, эффективно используя все достижения науки и техники. В таких обстоятельствах особую значимость приобретает проблема, в основе которой лежит система вопросов связанных с разработкой адекватных прикладных способов и средств борьбы с преступностью посредством криминалистического обеспечения следственных, оперативно-розыскных и экспертных органов оптимальными рекомендациями.

Сохранить статус криминалистики как предмета, нужного для изучения

студентами юридических вузов, – задача, для решения которой необходимы объединенные усилия ученых, преподавателей и практических работников.

На кафедре уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ было решено организовать конкурс среди студентов факультета и республиканский конкурс среди вузов РК. Мероприятие прошло под девизом «Знаю ли я криминалистику?». Студенты 3 курса должны были представить альбомы по криминалистической технике и показать результаты осмотра места происшествия на криминалистическом полигоне кафедры. Лучшие работы были поощрены призами.

Республиканский конкурс среди вузов РК проходил под девизом «Лучшие знатоки криминалистики». Были представлены команды из нескольких вузов РК. В состав жюри для объективности были включены представители команд вузов,

председателем жюри был начальник Управления по борьбе с организованной преступностью ДВД г.Алматы полковник полиции С.А.Садыков.

По итогам конкурса первое место завоевала сборная команда студентов казахского и русского отделений 3 курса юридического факультета КазНУ. Второе – присуждено сборной команде студентов 3 курса юридического факультета университета «Туран». Третьего места удостоилась сборная команда студентов факультета технико-криминалистического обеспечения раскрытия и расследования преступлений Академии МВД РК. Команды были награждены ценными призами. Надеемся, что такие конкурсы станут традицией и будут способствовать совершенствованию криминалистических знаний выпускников юридических факультетов.

Р.Б. ТАПАЛОВА,
и.о. профессора,
С.Ш. ДАУБАСОВА,
старший преподаватель

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілшілер: **Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. “Бизнес-Информ” баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс №382

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.